

Республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың паспорттарын өңдеу және тіркеу (қайта тіркеу) ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2010 жылғы 29 сәуірдегі № 298 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 25 мамырда нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 6248 болып енгізілді

«Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңының 8-бабының 6-1) тармақшасын және 25-бабын іске асыру мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.10.02 № 17-02/489 (алғаш ресми жариялаған күнінен бастап он күнтізбелік күн ішінде қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

1. Республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың паспорттарын өңдеу және тіркеу (қайта тіркеу) ережесі бекітілсін.

2. "Республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың паспорттарын өңдеу және тіркеу (қайта тіркеу) ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті төрағасының 2007 жылғы 30 наурыздағы № 136, (2007 жылғы 26 сәуірдегі Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 4636 нөмірмен тіркелген, Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында, 2007 жылғы сәуір-мамыр) бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

3. Табиғат ресурстарын пайдалану стратегиясы департаменті осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркеуден өтуін қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Министр</i>	<i>А. Күрішбаев</i>	
Қ а з а қ с т а н	Р е с п у б л и қ а с ы	
А у ы л	ш а р у а ш ы л ы ғ ы	
м и н и с т р і н і ң	2 0 1 0	ж ы л ғ ы
2 9	с ә у і р д е г і	№ 2 9 8
бұйрығымен бекітілген		

Республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың паспорттарын әзірлеу және тіркеу (қайта тіркеу) ережесі 1.

Жалпы ережелер

1. Республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың паспорттарын әзірлеу және тіркеу (қайта тіркеу) ережесі "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес әзірленді және республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың (бұдан әрі - ЕҚТА) паспорттарын әзірлеу және тіркеу (қайта тіркеу) тәртібін регламенттейді.

2. ЕҚТА паспорты мемлекеттік тілде және орыс тілінде үш данада жасалады.

Тіркелген ЕҚТА паспорттың әрбір данасы түпнұсқа болып табылады.

3. Табиғат қорғау ұйымы паспорттының бір данасы табиғат қорғау ұйымында, екіншісі - өзі қарауына жататын мемлекеттік органда, үшіншісі - ерекше қорғалатын табиғи аумақ саласындағы уәкілетті органда (бұдан әрі - уәкілетті орган) болады.

Мемлекеттік табиғат ескерткіштері, мемлекеттік табиғи қаумалдар, мемлекеттік қорық аймақтары паспорттының бір данасы ЕҚТА-тың көрсетілген түрлерін қорғау бекітілген ұйымда, екіншісі - қарауына осы ұйым жататын мемлекеттік органда, үшіншісі - уәкілетті органда болады.

2. ЕҚТА паспортты әзірлеу

4. ЕҚТА паспортын әзірлеу Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе ЕҚТА құру және кеңейту туралы облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары шешім қабылдағаннан кейін ЕҚТА құрудың және кеңейтудің техника-экономикалық және жаратылыстану-ғылыми негіздемесіне сәйкес алты ай ішінде жүргізіледі.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.10.02 № 17-02/489 (алғаш ресми жариялаған күнінен бастап он күнтізбелік күн ішінде қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

5. ЕҚТА паспорты осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес нысанда ресімделеді.

6. Қарауында ЕҚТА бар мемлекеттік органдар әрбір осындай аумақ бойынша белгіленген үлгідегі паспорт жасайды және оны уәкілетті органда тіркеуден өткізеді.

ЕҚТА бойынша есептік көрсеткіштер (өсімдіктер мен жануарлардың индикаторлық түрлерінің, мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің, туристік маршруттар мен соқпақтардың және басқалардың саны) паспортта ол жасалған сәтте келтіріледі.

7. Ескерту. 7-тармақ алынып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.10.02 № 17-02/489 (алғаш ресми жариялаған күнінен бастап он күнтізбелік күн ішінде қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

8. Орталық атқарушы немесе облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары әзірлейді және өздерінің қарауындағы уәкілетті органмен келісім бойынша ЕҚТА паспорттарын бекітеді және оларды тіркеуге (қайта тіркеуге) уәкілетті органға береді.

Уәкілетті орган келіп түскен күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде ЕҚТА паспорттарын тіркейді.

Берілген паспорт осы Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес келмеген жағдайда уәкілетті орган 20 күнтізбелік күн ішінде ЕҚТА паспортын орталық атқарушы немесе облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарына пысықтауға жібереді.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.10.02 № 17-02/489 (алғаш ресми жариялаған күнінен бастап он күнтізбелік күн ішінде қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

9. Қарауында ЕҚТА бар мемлекеттік органдар көрсетілген ақпараттың сапасын және оның шынайылығын, паспорттың уәкілетті органға келісуге және тіркеуге уақтылы берілуін қамтамасыз етеді.

3. ЕҚТА паспортты тіркеу (қайта тіркеу)

10. ЕҚТА паспортын тіркеу Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары ЕҚТА құру және кеңейту туралы шешімдері қабылданғаннан кейін жүргізіледі. »

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.10.02 № 17-02/489 (алғаш ресми жариялаған күнінен бастап он күнтізбелік күн ішінде қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

11. ЕҚТА паспортын тіркеу уәкілетті органның бірінші басшысының не оны алмастыратын адамның бұйрығымен ресімделеді.

ЕҚТА паспортын тіркеу осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес Республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың паспорттарын тіркеу журналында атап өтіліп, оларға мынадай тіркеу нөмірлері беріледі:

1) мемлекеттік табиғи қорықтар - МТҚ-00;

2) мемлекеттік ұлттық табиғи парктер - МҰТП-00;

3) мемлекеттік өңірлік табиғи парктер - МӨТП-00;

4) мемлекеттік табиғи резерваттар - МТР-00;

5) республикалық және жергілікті маңызы бар мемлекеттік зоологиялық парктер - тиісінше МЗП-р-00 және МЗП-ж-00 тиісінше;

6) республикалық және жергілікті маңызы бар мемлекеттік ботаникалық бақтар - МББ - р - 0 0 және МББ - ж - 0 0 ;

- 7) республикалық және жергілікті маңызы бар мемлекеттік дендрологиялық парктер
 - М Д П - р - 0 0 ж ә н е М Д П - ж - 0 0 ;
- 8) республикалық және жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғат ескерткіштері -
 М Т Е - р - 0 0 ж ә н е М Т Е - ж - 0 0 ;
- 9) республикалық маңызы бар мемлекеттік қорық аймақтары - МҚА-00;
- 10) республикалық және жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғи қаумалдар -
 М Қ - р - 0 0 ж ә н е М Қ - ж - 0 0 ;

12. ЕҚТА паспортын қайта тіркеу осы Ережеге сәйкес он жылда әрі кеткенде бір рет жүргізіледі, ЕҚТА-ның нысаналы мақсаты өзгерген, ол қайта ұйымдастырылған немесе кеңейтілген жағдайлар бұған қосылмайды, ондай жағдайларда паспортты тіркеу үш айлық мерзімде жүргізіледі.

13. ЕҚТА паспортын қайта тіркеуді жүзеге асыру кезінде оның тіркеу нөмірінде бөлшек белгісі арқылы кезекті қайта тіркеу нөмірі көрсетіледі.

14. ЕҚТА паспорты ол уәкілетті органда тіркелген (қайта тіркелген) күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың паспорттарын әзірлеу және тіркеу (қайта тіркеу) ережесіне 1-қосымша

Ескерту. 1-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.10.02 № 17-02/489 (алғаш ресми жариялаған күнінен бастап он күнтізбелік күн ішінде қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Нысан

_____ (қарауына ЕҚТА жататын мемлекеттік органның атауы)

_____ (ЕҚТА саласындағы уәкілетті органның атауы)

20__жылғы "___" _____ бұйрығымен (шешімімен)

20__жылғы "___" _____ бұйрығымен тіркелген бекітілген

_____ (ЕҚТА-ның тіркеу нөмірі)

_____ (ерекше қорғалатын табиғи аумақтың атауы)

ПАСПОРТЫ

20__жыл

1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтың атауы, оның түрімен санаты _____

2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақ құрылған немесе кеңейтілген мемлекеттік орган
актісінің атауы, нөмірі және қабылданған күні

3. Қарауында ерекше қорғалатын табиғи аумақ бар мемлекеттік органның атауы _____

4.
Заңды тұлға мәртебесі жоқ ерекше қорғалатын табиғи аумақты қорғау жүктелген
ұйымның атауы _____

5. Туристік инфрақұрылымы, шекарасының сипаттамасы, географиялық
координаттары, аумағының көлемі және күзет аймағы көрсетілген карта-схемасы бар
ерекше қорғалатын табиғи аумақтың орналасқан жері:

5.1 Ерекше қорғалатын табиғи аумақтың орналасқан жері _____

(облыс, аудан, елді мекен)

5.2 Ерекше қорғалатын табиғи аумақ шекарасының сипаттамасы _____

(заңды тұлға мәртебесі бар ЕҚТА
шекарасының сипаттамасы ЕҚТА бұрылыс нүктелері бойынша және географиялық
координаттары көрсетіле отырып беріледі, заңды тұлға мәртебесі жоқ ЕҚТА
шекарасының сипаттамасы табиғи шектер бойынша беріледі)

5.3 ЕҚТА-ның жалпы алаңы _____ га (табиғат қорғау
ұйымының алаңы тұрақты жер пайдалану құқығының мемлекеттік актілеріне сәйкес;
мемлекеттік табиғат ескерткіштерінің, мемлекеттік табиғи қаумалдардың, мемлекеттік
қорық аймақтарының алаңы Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе облыстардың,
республикалық маңызы бар қаланың, ЕҚТА құру туралы астананың жергілікті
атқарушы органдарының шешіміне сәйкес беріледі)

**Ескерту. 5.3-тармақ жана редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің
2012.10.02 № 17-02/489 (алғаш ресми жариялаған күнінен бастап он күнтізбелік күн**

ішінде қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

5.4 ЕҚТА қорғау аймағының алаңы-_____га

(ЕҚТА қорғау аймағын белгілеу туралы облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы шешімінің атауы, нөмірі мен күні көрсетіледі)

Ескерту. 5.4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.10.02 № 17-02/489 (алғаш ресми жариялаған күнінен бастап он күнтізбелік күн ішінде қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

5.5 ЕҚТА инфрақұрылымы көрсетілген ЕҚТА карта-схемасы

ЕҚТА инфрақұрылымы көрсетілген ЕҚТА карта-схемасы келтіріледі (масштабы 1:200 000)

(ЕҚТА карта-схемасына ЕҚТА-ның қазіргі және жоспарланып отырған инфрақұрылымы: ЕҚТА туристік маршруттары мен соқпақтары, шатырлы лагерльер, жағажайлар, тамашалау алаңдары, уақытша құрылыстар (сауда нүктелері, дүңгіршіктер, жазғы дәмханалар, қайық стансалары, жалдау бекеттері, жылжымалы вагондар мен т р е й л е р л е р) е н г і з і л е д і .

ЕҚТА туристік маршруттары мен соқпақтарының тізбесі (жол берілетін рекреациялық жүктеме көрсетіліп) және ЕҚТА аумағында орналастырылған қазіргі және жоспарланып отырған уақытша құрылыстардың тізбесі (жол берілетін өткізу қабілеті көрсетіліп) ЕҚТА карта-схемасына бөлек тіркеледі.

6. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтағы мемлекеттік табиғи қорық қоры объектілерінің тізбесі олардың сандық және сапалық сипаттамасымен бірге паспорттың 1 - қ о с ы м ш а с ы н д а к е л т і р і л е д і .

6.1. _____ (ЕҚТА атауы) өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің жай-күйін айқындайтын индикаторлық түрлер.

6.1.1 Өсімдіктер: _____

(өсімдіктердің индикаторлық түрлері санамаланады)

6.1.2 Жануарлар: _____

(жануарлардың индикаторлық түрлері санамаланады)

6.1.3 Жануарлардың индикаторлық түрлерінің саны паспортқа - қосымшада

к е л т і р і л е д і .

6.2. _____ аумағында орналасқан тарихи-мәдени мұра (ЕҚТА
а т а у ы)
объектілері: _____

(тарихи-мәдени мұра объектілері санамаланады)

6.2.1 Тарихи-мәдени мұра объектілерінің тізбесі паспортқа3-қосымшада келтіріледі.

7. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтың функционалдық аймақтары және олардың күзет режимінің түрлері, жер учаскелерінің аралас меншік иелері мен жер пайдаланушылар, күзет аймағындағы табиғат пайдалану жөніндегі олардың міндеттемелері мен ауыртпалықтары туралы мәліметтер.

7.1 Функционалдық аймақтары бойынша ерекше қорғалатын табиғи аумақтың күзет режимдері:

р / с №	Функционалдық аймақтың атауы	Алаңы, га	Күзет режимі
1	2	3	4
	Барлығы:		

7.2 ЕҚТА-да және оның күзет аймағында орналасқан жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылар, олардың табиғат пайдалану жөніндегі міндеттемелері мен ауыртпалықтары туралы мәліметтер _____

(жер санаттары мен жер учаскелерінің алаңдары, сондай-ақ табиғат пайдалануда белгіленген міндеттемелер мен ауыртпалықтар көрсетіле отырып, ЕҚТА мен оның күзет аймағының шекараларында орналасқан жер учаскелерінің барлық меншік иелері мен бөтен жер пайдаланушылардың тізбесі келтіріледі)

8. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда қызметтің рұқсат етілген және тыйым салынған түрлері, сондай-ақ жекелеген қызмет түрлеріне қойылған шектеулер: _____

(ЕҚТА түрі мен санатына, аумақтың функционалдық аймақталуына байланысты қызметтің тыйым салынған және рұқсат етілген түрлерінің сипаттамасы келтіріледі).

9. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда болу, оның жұмыс режимі және рекреациялық жүктемесі _____

(ЕҚТА түрі мен санатына, аумақтың функционалдық аймақталуына, рекреациялық және туристік мақсаттағы объектілердің рекреациялық сыйымдылығына байланысты әрбір ЕҚТА-тың өзіндік ерешеліктерін ескере отырып, ЕҚТА-да болу және рекреациялық ресурстарын пайдалану ережесі, ЕҚТА-ның жұмыс режимі баяндалады)

Паспортты әзірлеген: _____

М.О.

Паспорттың әзірленген күні:

" ____ " _____ 200 ____ ж.

(ерекше қорғалатын табиғи аумақтың атауы) табиғи
1-қосымша

Мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің тізбесі

(ерекше қорғалатын табиғи аумақтың атауы)

р / с №	Мемлекеттік қоры объектілерінің атауы	табиғи - қорық	Саны
1	2		3
	Өсімдік түрлерінің болуы - барлығы, оның ішінде сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері:		
	Жануар түрлерінің болуы - барлығы, оның ішінде сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері:		

	Мемлекеттік табиғи-қорық қорының геологиялық, геоморфологиялық және гидрогеологиялық объектілерінің болуы, олардың атауы, орналасқан жері және қысқаша сипаттамасы:	

 (е р е к ш е қ о р ғ а л а т ы н п а с п о р т ы н а
 а у м а қ т ы ң а т а у ы) т а б и ғ и
 2-қосымша

Жануарлардың индикаторлық түрлерінің саны

 (ерекше қорғалатын табиғи аумақтың атауы)

Жануардың атауы	Саны	
	Оңтайлы	Нақты
1	2	3

 (е р е к ш е қ о р ғ а л а т ы н п а с п о р т ы н а
 а у м а қ т ы ң а т а у ы) т а б и ғ и
 3-қосымша

Тарихи-мәдени мұра объектілерінің тізбесі _____

 (ерекше қорғалатын табиғи аумақтың атауы)

р / с №	Атауы	Орналасқан жері және сипаттамасы
1	2	3
	Ерекше қорғалатын табиғи аумақ пен оның күзет аймағында орналасқан тарихи-мәдени мұра объектілерінің атауы	

		Ерекше қорғалатын табиғи аумақ пен оның күзет аймағында орналасқан тарихи-мәдени мұра объектілерінің
	келтіріледі	орналасқан жері көрсетіледі, олардың қысқаша сандық және сапалық сипаттамасы келтіріледі

Республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың паспорттарын әзірлеу және тіркеу (қайта тіркеу) ережесіне 2-қосымша

Ескерту. 2-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.10.02 № 17-02/489 (алғаш ресми жариялаған күнінен бастап он күнтізбелік күн ішінде қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

Нысан

Республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың паспорттарын әзірлеу және тіркеу (қайта тіркеу) ережесі

Р/с	Тіркеу нөмірі	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтың паспорттың тіркеу күні	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтың атауы	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру немесе кеңейту бойынша нормативтік құқықтық актінің күні және нөмірі	Ерекше қорғалатын табиғи аумақ қарауына жататын мемлекеттік органның паспортты бекіту туралы актінің күні мен нөмірі	Ерекше қорғалатын табиғи аумақ паспорттың тіркеу (қайта тіркеу) туралы уәкілетті орган бұйрығының күні мен нөмірі
1	2	3	4	5	6	7